

"БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Қазақстан Республикасы, А25D5GO, Алматы, Өл-Фараби даңғылы, 38

Телефондар: 8 (727) 244 30 30
8 8000 8000 88 (ҚР бойынша)
Факс: 8 (727) 259 86 22
SWIFT: KCBKZKX
E-mail: info@bcc.kz
Web: www.bcc.kz

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ"

Республика Казахстан, А25D5GO, Алматы, пр. Аль-Фараби, 38

Телефоны: 8 (727) 244 30 30
8 8000 8000 88 (По РК)
Факс: 8 (727) 259 86 22
SWIFT: KCBKZKX
E-mail: info@bcc.kz
Web: www.bcc.kz

N11-4-1/18
18.02.19

Контрагент банктерге

*Қылмыстық жолмен алынған кірістерді
заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді
қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша
жүргізілетін іс-шаралар туралы*

Құрметті ханымдар мен мырзалар,

Қазақстан Республикасында 2010 жылғы 9 наурыздан бастап «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңның қолданысқа енгізілгенін Сіздерге мәлімет ретінде хабарлаймыз.

Аталған заңның талаптарын іске асыру мақсатында «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің 01.04.10 жылғы №85 (20.07.18 ж. соңғы өзгеріс енгізілген) қаулысымен «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет ету жөніндегі саясаты» (бұдан кейін – Саясат) бекітілді және Басқарманың 27.04.10 жылғы №243 (16.07.2018 ж. соңғы өзгеріс енгізілген) шешімімен «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет ету бойынша ішкі бақылау ережесіне» (бұдан кейін – Ереже) бекітілді. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды актуализациялау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының өзгеруіне және Банктің ішкі процедураларының жетілдірілуіне байланысты тұрақты түрде жүргізіледі.

Саясатқа және Ережеге сәйкес «Банк ЦентрКредит» АҚ-та Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар бойынша жұмысты ұйымдастыруға жауапты тұлға тағайындалды.

Заңның және жоғарыда көрсетілген құжаттардың аясында Банк Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөнінде іс-шаралар жүргізеді, соның ішінде:

- Клиенттің бизнесін түсіну және шекті мәні мен күдіктілік белгілері бойынша бақылануға тиісті операцияларға мониторинг жүргізу мақсатында «Өз клиентіңді біл» (Know Your Customer – KYC) әдісі қолданылады, ол бойынша Банк клиенттерін сәйкестендіреді, оларға сауалнама жүргізіледі;
- Терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізіміне сәйкес келуіне қатысты Банк клиенттеріне және олардың транзакцияларына тексеру жүргізіледі;
- Шекті мәні бойынша мониторинг жүргізілуге тиісті операциялар бойынша заңда көзделген тәртіппен уәкілетті органға ақпарат беріледі;
- Клиенттің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру әрекетіне байланысты күдіктің негізділігін растау немесе оны теріске шығару үшін транзакциялар тексеріледі және күдікті операциялар анықталады. Күдікті операциялар анықталған жағдайда, ақпарат уәкілетті органға жіберіледі;
- Клиент және оның транзакциялары туралы ақпараттар құжатты түрде тіркеледі және деректер сақталады;
- Банк қызметкерлеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөнінде оқыту жүргізіледі.

Сондай-ақ «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың өздері тіркелген ұжымдар аумағында тұрақты іс-әрекет ететін басқару органдары жоқ бейрезидент-банктермен қарым-қатынас жасамайтынын хабарлаймыз.

Құрметпен,

Қазынашылық департаментінің директоры

Габасов Т.Р.



5269843